



Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

№162
(20636)



24 қазан, сейсенбі 2023 жыл

e-mail: syrboi@yandex.kz

www.syrboi.kz

www.facebook.com/syrboi.kz/

www.instagram.com/syrboi_kz

<https://twitter.com/syrboi>

t.me/syrboi_kz

ПРЕЗИДЕНТ

МСАК: КЕШЕ ЖӘНЕ БҮГІН

Қасым-Жомарт Тоқаев Медициналық-санитариялық алғашқы көмек (МСАК) жөніндегі Алматы декларациясының қабылданғанына 45 жыл және Астана декларациясына 5 жыл толуына орай ұйымдастырылған жаһандық конференцияның пленарлық отырысына қатысты.

Мемлекет басшысы конференция қатысушыларына Ілтипат бйліре отырып, денсаулық сақтау және медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсетудің халықаралық жүйесін жетілдіру ісінде Алматы және Астана декларацияларының маңызы зор екенін атап өтті.

– Осыдан 45 жыл бұрын медициналық-санитариялық алғашқы көмектің әлеуметтік тұрғыда әділетті моделіне негіз болған Алматы декларациясы қабылданды. Бұл декларация әлемдік денсаулық сақтаудың Ұлы Хартиясына айналды, көптеген елдің халық денсаулығын жақсарту үшін шара қабылдауына, оны адамның іргелі құқығы ретінде мойындауына түрткі болды. Алматы декларациясы біраз елде ана мен бала өлімінің деңгейін жүйелі түрде төмендету, болжамды өмір сүру жасын ұзарту үшін шешуші рөл атқарды. Бүгінде көптеген елде ұлттық денсаулық сақтау жүйесі жолға қойылған. Онда медициналық-санитариялық алғашқы көмекке айрықша мән беріледі. Бұл бес жыл бұрын қол қойылған Астана декларациясында нақтыланады, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, МСАК жүйесі эпидемияның алғашқы белгілерін анықтау және тосын сын-қатерлерге қарсы әрекет ету ісінде маңызды рөл атқарады. Мемлекет басшысы қоғамдық денсаулық сақтау ұйымдары өздерінің орнықтылығын және туындаған жағдайға тез бейімделе алатынын көрсеткеніне назар аударды. Президент адамзаттың COVID пандемиясын енсеруіне үлес қосқаны үшін барлық медицина қызметкеріне алғыс айтты.

Бұл ретте, Президенттің пікірінше, барлық ықтимал қауіп-қатерді ескере отырып, денсаулық сақтау жүйесі кез келген күрделі жағдайға әрдайым дайын болуы үшін оған қолдау көрсету керек. Ауру-сырқаудың белгілерін бастапқы кезеңінде анықтау және тосын сын-қатерлерге дер кезінде назар аудару үшін әлеуетті арттыра беру қажет.

Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздегі денсаулық сақтау жүйесін дамыту бағытында жүзеге асырылып жатқан шараларға арнайы тоқталды.

– Елімізде барлық баланы профилактикалық-медициналық тексеруден өткізу ісі жолға қойылған. Әрбір ірі елді мекенде жастардың денсаулық орталықтары жұмыс істейді дегуе болады. Жыл сайын үш миллионға жуық ересек адам скрининг және кәсіби тексеру бағдарламасынан өтеді. Ауыл тұрғындарының медициналық қызмет алуына бірдей мүмкіндік жасау үшін біз бірқатар реформа жүргіздік. Нәтижесінде 2018 жылдан бастап ауылдардағы алғашқы көмек көрсету пункттерінің саны 3 еседен астам көбейді. Сонымен қатар телемедицина және қашықтан мониторинг жасау сияқты цифрлық технологиялар белсенді түрде енгізіліп жатыр. Бұл алғашқы медициналық көмектің қолжетімділігін айтарлықтай арттырады, – деді Мемлекет басшысы.

Президент сөзін қорытындылай келе, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының қолдауымен Мемлекеттердің медициналық-санитариялық алғашқы көмек жөніндегі коалициясын құруды ұсынды. Бұл бірлестік денсаулық сақтау және аурудың алдын алу қағидаттарын одан әрі ілгерілетуге, медициналық-санитариялық алғашқы көмекті дамыту жөніндегі бірлескен ұсынымдар әзірлеуге мүмкіндік береді.

Сондай-ақ Қасым-Жомарт Тоқаев медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсету саласын, жалпы денсаулық сақтау жүйесін одан әрі дамытуда жастарға зор сенім артағанын атап өтті. Мемлекет басшысы жастармен кездескен сайын спортпен шұғылданудың маңыздылығы туралы айта отырып, еске салып, оларды еңбекқор және мақсаттарына адал болуға шақырды.

БІРЛІКТІ БЕКЕМДЕГЕН МЕРЕКЕ



Сенбі, жексенбі күндері шежірелі аймақтың 85 жылдық мерейтойы Жаңақорған және Шиелі аудандарының 95 жылдығына ұласты. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев екі ауданның тұрғындарын мерекемен құттықтады.

Алдымен Жаңақорған ауданы Қожамберді ауылдық округінде орналасқан «Жан-Арай» кешеніндегі шипажай ғимаратының ашылу салтанаты өтті.

Аймақ басшысы заманауи үлгідегі демалыс орнын салған кәсіпкер, меценат Бақдәулет Мақашовқа алғыс білдірді.



– Сыр өңірі мерейтойға жоғары дайындықпен келді. Жаңақорған ауданында да келелі істердің жарқын көрінісі байқалады. Ауданның даму көрсеткіштері жақсы. Биыл 6 елді мекенге газ құбырлары тартылуда. Жаңақорғанда 3 мектептің құрылысы жүргізілуде.

2-бет

ПРЕЗИДЕНТ БОЛҒАН НЫСАН

ІЗГІЛІК НҰРЫ ана құшағынан тарайды

Күрделі адам баласының өмірі ана құшағынан бастау алатыны белгілі. Әлемдегі әсемдік пен ізгілік, нәзіктік пен сұлулық та әйел затына тән. Оның ішінде ұлттық дәстүрімізге сай сәнді де сапалы киім үлгісі, көздің жауын алатын күмістелген өшекейлер, зергерлік бұйымдар қазақ аруларының ерекше талғамын аңғартады.

Sp **Ғазиза ӘБІЛДА,**
«Сыр бойы»

Аймақ басшысының қолдауымен жуырда жұмысын бастаған «Анаға тағзым» орталығы дәл осындай ұлттық құндылықтарымызды насихаттайтын іргелі шаңыраққа айналмақ. Облысқа ресми ісапармен келген Мемлекет басшысы аталған орталықтың жұмысымен танысып, қолға алынған бастамаларға қолдау білдірді.

4-бет



ТӘУЕЛСІЗДІККЕ ЖАСАЛҒАН АЛҒАШҚЫ ҚАДАМ

бес тармақтан тұратын декларация жобасының негізгі мазмұны мемлекеттілікті сақтау, қорғау жөніндегі шараларды қамтуымен ерекшеленді.

Сол тарихи күнді сипаттайтын жазбаларда «Қазақ ССР Жоғарғы Советінің қазанның 25-індегі мәжілісінде Қазақ ССР-нің мемлекеттік егемендігі туралы декларацияның жобасын жетілдіру жөніндегі комиссия атынан оның төрағасы С.З.Зиманов сөз сөйлеген. Жоғарғы Советтің мәжілісінде декларация жобасы таярлар бойынша талқыланып, оның әрбір тармағына жеке-жеке дауыс беру арқылы қабылданған. Жоғарғы Совет Қазақ Советтік Социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы декларацияны толығымен қабылдады» делінген.

Декларация «Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Жоғарғы Советі Қазақстан халқының еркін білдіре отырып, республиканың барлық азаматтары үшін лайықты және тең тұрмыс жағдайын жасауға ұмтыла отырып, республикада тұратын халықтарды топтастыру мен олардың достығын нығайтуды бірінші дәрежелі міндет деп санай отырып, Жалпыға бірдей адам праволары декларациясын және ұлттардың өзін-өзі еркін билеу правосын тани отырып, қазақ ұлтының тағдыры үшін жауапкершілікті ұғына отырып,



ізгілікті демократиялық праволық мемлекетті құруға бел байлауды негізге ала отырып, Қазақ Советтік Социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігін жариялайды және осы декларацияны қабылдайды» деп басталады. Бұл еркіндікке, тәуелсіздікке ұмтылысты, құқықтық мемлекет құруға деген талпынысты айғақтап тұр.

Декларацияда қазақ халқының және Қазақстанда тұратын басқа да ұлттардың төл мәдениетін, дәстүрін, тілін қайта түлету мен дамыту және олардың ұлттық қадір-қасиетін нығайту аса маңызды міндеттердің бірі ретінде көрініс тапты. Ел аума-

ғының бөлінбейтіні және оған қол сұғылмайтыны тайға таңба басқандай жазылды. Жұртшылық талқылау барысында «Жер және оның қойнауы, су, ауе кеністігі, өсімдіктер мен хайуанаттар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар, халықтың мәдени және тарихи қазыналары, бүкіл экономикалық, ғылыми-техникалық потенциал – республика территориясындағы бүкіл ұлттық байлық республика егемендігінің негізін құрай отырып, оның ерекше меншігінде болады» деген жолдарды оқып, азаттықтың ауылы алыс еместігін ұқты.

Бұл декларация Одақтық шарт жасау, Қазақ ССР-нің жаңа Конституциясын, егеменді мемлекет ретінде республиканың статусын жүзеге асыратын заң актілерін әзірлеу үшін негіз болды. Сондықтан Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бұл күнді «қазақтың сан асарлық мемлекеттік дәстүрі жаңғырған, бостандық үшін күрескен бабалар арманы ақиқатқа айналған күн» деп атады.

Тәуелсіздік алғаннан кейін өңірлердегі сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының жүйесін жетілдіру және нығайту мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 2 мамырдағы №67 Жарлығымен облыстардың, астананың, республикалық маңызы бар қалалардың тексеру

комиссиялары құрылып, тиісті функцияларын тиімді атқарып келеді.

Осы уақыт ішінде мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының бірыңғай кешенді жүйесі қалыптасып, жұмыс халықаралық стандарттар негізінде сапалы жаңа деңгейге көшті. Аудиторлық және сараптамалық-талдау қызметінің заманауи үлгілері мен әдістері енгізіліп, заңнамалық және әдіснамалық база жетілдіріліп, кадрлық әлеует қалыптасты.

Тексеру комиссиясы жергілікті басқару саласында мемлекеттік аудитті жүзеге асыратын маңызды институт ретінде қалыптасып үлгерді.

Өңірдегі экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында қаржылық бұзушылықтардың алдын алу арқылы бюджет тәртібінің нығайтуына елеулі үлес қосып келе жатқан тексеру комиссиясының табанды қызметі ел игілігі үшін маңызды.

Тәуелсіздігіміздің саяси-құқықтық негізін қалыптастырған, декларация қабылданған Республика күні – еліміздің ең ұлық мерекесі. Осы мерекемен баршаңызды құттықтаймын. Бірлесіміздіміздің тұғыры мықты, бірлігіміз бекем болсын!

М.ҚАЛДАРБЕКОВ,
Қызылорда облысы бойынша
тексеру комиссиясының төрағасы

ЖӘРМӨКЕ

1000 ТОННАДАН АСТАМ ӨНІМ САТЫЛДЫ

Егін жинау науқанының аяқталуына орай «Алтын дән-2023» мерекесі аясында облыс орталығында ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Онда барлық аудандар мен Қызылорда қаласының шаруалары өз өнімдерін базар нарығынан 15-20 пайызға төмен бағада ұсынды. Ауылдардан 425 жүк көлігімен 1000 тоннадан астам өнім әкелінді.



2-бет

БӘЙГЕ

ЖҮЛДЕ БАСЫ – 4 МЛН ТЕҢГЕ

Қызылордада Қала күні мен «Алтын дән-2023» мерекесіне орай ат бәйгесі ұйымдастырылды. Жанкүйерлер ипподромға жиналып, бәйгенің көрігін қыздырған тұлпарлар шабысын қызықтады. Осы жолы бәйгенің 4 түрінен 82 шабандоз бақ сынады. Еліміздің бірнеше аймағынан сәйгуілігін баптап келгендер қызылордалықтардың мерейлі думан қызығын бөлісті.

2-бет



ЖОБА

Қызылорда облысының 2023-2027 жылдарға арналған қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерін бекіту туралы

«Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі» Қазақстан Республикасының кодексінің 37-бабының 4-тармағына сәйкес Қызылорда облыстық махсатты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ.

1. Қызылорда облысының 2023 - 2027 жылдарға арналған қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштері осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітіледі.

2. «Қызылорда облысының қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерін бекіту туралы» Қызылорда облыстық махсаттының 2019 жылғы 18 маусымдағы №525 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тіркелу тізбегінде № 6832 болып тіркелген) күші жойылған деп табылсын.

3. Осы шешімнің алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданыса енгізіледі.

Лауазымы Аты-жөні

Келісіді «Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің» Қызылорда облысы бойынша экология департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесінің 2023 жылғы 21 шілдедегі № 3451 санды хаты

Қызылорда облыстық махсаттының № шешіміне қосымша

Қызылорда облысының 2023-2027 жылдарға арналған қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштері

Table with columns: №, Зерттеу нысаны, Анықталатын зат, Гигиеналық нормативтер НҚ, Бастапқы мәндер, 2024-2025 ж.ж., 2026-2027 ж.ж.

Table with columns: №, Зерттеу нысаны, Анықталатын зат, Гигиеналық нормативтер НҚ, Бастапқы мәндер, 2024-2025 ж.ж., 2026-2027 ж.ж.

Table with columns: №, Зерттеу нысаны, Анықталатын зат, Гигиеналық нормативтер НҚ, Бастапқы мәндер, 2024-2025 ж.ж., 2026-2027 ж.ж.

Table with columns: №, Зерттеу нысаны, Анықталатын зат, Гигиеналық нормативтер НҚ, Бастапқы мәндер, 2024-2025 ж.ж., 2026-2027 ж.ж.

